

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің және олардың аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 522 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының м.а. 2023 жылғы 23 маусымдағы № 275 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің және олардың аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 522 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 99) қосымшаға сәйкес бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Бөрлі ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы туралы ережеде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Басқарманың заңды мекенжайы: пошта индексі 090302, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Орталық көшесі, 1."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Заң басқармасы (О.А. Әбдірахманов) Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізілуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың іске асырылуы үшін қажетті шараларды қабылдасын;

2) осы бұйрықтың Департаментінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Кадр және ішкі әкімшілендіру департаментінің Ұйымдастыру-бақылау басқармасы (М.С. Қыстаубаева) осы бұйрықты Департаментінің назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

*Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер
комитетінің Төрағасының м.а.*

Қ. Миятов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК